графикалық сызбасы мен өлшемдерін көрсетілді. Осы жаңа тісті берілістерді қолдану барысында, шудың азайуы және тістә берілістердің жылдамдығының артқаны байқалады, және бұрғылаудың техникалық, экономикалық және басқа да көрсеткіштеріне қандай артықшылықтар әкелетіндігі көрсетілген..

Түйінді сөздер: бұрғылау сорабы, мойынтіректер, трансмиссиялық білік, түпкілікті білік, тісті берілістің құрылымын жетілдіру,

Ұңғыманы салудың технологиялық операцияларын орындаудың қазіргі жағдайында бұрғылау жабдығы жоғары техникалық талаптарға жауап беруі тиіс.

Бұрғылау қондырғысының негізгі механизмдерінің бірі болып табылатын бұрғылау сорабына ерекше назар аудару керек.

Бұрғылау сорабы сорапты-циркуляциялық кешеннің негізгі механизмі болып табылады. Бұрғылау сорабы пісірілген жақтауға 12 орналастырылған жетекті және гидравликалық блоктардан тұрады (1-сурет).



1-сурет. Бұрғылау сорабы

Жетекті блок тұғырыққа 2 орналастырылған трансмиссиялық біліктен 5, түпкілікті біліктен 9 және шатун механизмінен 10 тұрады. Тұғырық қақпақпен 8 жабылған. Тұғырық пен қақпақтың түйсетін беттері механикалық өңделіп, резиналы шнур немесе төсемдер көмегімен нығыздалады да, болттармен 11 және тұғырыққа ендірілген шпилькалармен 6 тартылады. Тұғырықпен салыстырғандағы қақпақтың орны конусты штифттермен бекітіледі.

Тұғырық тамағында сырғыма 13 бағыттағыштарын 4 орнатады. Тамақ жанында штокқа 3 және гидравликалық блокты 1 бекітуге арналған тесіктер бар.

Тұғырық қақпағында желдеткіш қақпақ 7 бар.

Сорапты-циркуляциялық кешен келесі функцияларды орындауға арналған :

* ұңғыма түбі мен қашауды бұрғыланған жыныстан тиімді тазалауды және бұрғыланған жынысты жер бетіне шығару үшін жеткілікті, құбыр сыртында көтерілу жылдамдығын қамтамасыз ететін бұрғылау, жуу және қатерлер зардаптарын жою үрдістерінде ұңғымадағы циркуляция үшін бұрғылау тізбегіне бұрғылау ерітіндісін айдауға;

* жынысты қирату және бұрғыланған жыныстан ұңғыма түбін тиімді тазарту үшін қашау саптамаларынан ерітіндінің жоғары жылдамдықпен ағып шығуын қамтамасыз ететін гидромониторлық қашаулармен бұрғылауда гидромониторлық әсерді жасауға;

* ұңғыма түптік гидравликалық қозғалтқыштарды (турбобурларды, винттік қозғалтқыштарды) қозғалысқа келтіруге;

* бұрғыланған жыныстан және газдардан бұрғылау ерітіндісін тазартуға, оның берілген параметрлерін (тығыздығын, тұтқырлығын және тағы басқаларды) ұстап тұруға және реттеуге;

* жаңа бұрғылау ерітінділерін даярлауға;

* ұңғыманың бірнеше көлемі мөлшеріндегі бұрғылау ерітіндісінің қорын сақтауға және циркуляция тоқтаған кезде оның қасиеттерін сақтауға.


Бұрғылау сораптарына қойылатын талаптардың бірі – олардың ұзақмерзіммен сенімді қызмет атқаруы болып табылады [1].

Бұрғылау сорабының тісті берілістері, сораптың ұзақмерзімділігі мен сенімділігін анықтайтын негізгі элементтер болып табылады, сондықтан тісті берілістердің қызмет ету мерзімін ұзартуға мүмкіндік беретін олардың құрылымы мен сипаттамаларын жақсарту өте маңызды, өзекті мәселе болып табылады.

Бұрғылау сорағысының тісті берілісі трансмиссиялық біліктің жылдамдығын төмендетуге және трансмиссиялықпен түпкілікті білікке қуат беруге арналған.

Бұрғылау сораптарын басқаратын қозғалтқыштарда, әдетте, айналу жиілігі 700-1500 айн/мин болады. Бұл мәндерді азайту үшін қозғалтқыш пен сораптың түпкілікті білігі арасына беріліс орнатылады, ол айналу жиілігін 5-20 есе азайтады. Мұндай азайту бір редукторда жүзеге асырылады, сондықтан ол, әдетте, екі және үш сатыға бөлінеді. Бірінші (сына белдікті) беріліс қозғалтқыш пен бұрғылау сорабының трансмиссиялық білігі арасында орнатылады, ал үлкен қуаттылықта – көп қатарлы шынжырлы беріліс қолданылады. Олардың беріліс қатынасы $-u = 2 - 3,5$.


Екінші беріліс тікелей сорғыға трансмиссиялық және түпкілікті біліктер аралығына орнатылады (2-сурет). Бұл берілісте түзу тісті және көлбеулік бұрышы $\beta_a \approx 6^\circ \div 10^\circ$ болатын цилиндрлік берілістер қолданылады [2, 3].



2-сурет. Трансмиссиялық және түпкілікті біліктер аралығына орнатылған беріліс

Ақпараттық-анықтамалық материалдар мен арнайы әдебиеттерге жүргізілген шолу негізінде төмендегілер тағайындалды:


1. Түзу тісті цилиндрлік берілістер (3-сурет) жоғары жылдамдықта үлкен шуммен жұмыс істейді, бұл бүкіл ұзындығы бойынша бірден ілінуге кіретін тістердің соққы әсерінің нәтижесі;



3-сурет. Түзу тісті цилиндрлік беріліс


2. Қиғаш тістері бар берілістер (4-сурет) қабаттасу коэффициентінің үлкен мөлшеріне ие, сонымен қатар олардың тістері ырғақпен, біртіндеп беріліске енеді (бүкіл ұзындығы

бойынша бірден емес), сондықтан мұндай берілістер ырғақпен қозғалады және жоғары жылдамдықта да салыстырмалы түрде шусыз жұмыс істейді.



4-сурет. Қиғаш тісті цилиндрлі беріліс

Қиғаш тісті берілістердің кемшілігі - дөңгелекті біліктің осі бойымен жылжытуға тырысатын осьтік Q күшінің болуы (5-сурет) және радиалды-сүйеніш мойынтіректерін орнатуды қажет етуі (салыстырмалы түрде қымбат).




5-сурет. Қиғаш тісті цилиндрлі берілістегі әсер ететін күштер

Бұл мақалада бұрғылау сорғысының трансмиссиялық және түпкілікті біліктерінің аралығына қос тісті дөңгелектерді қолдану ұсынылады. Тістері қарама-қарсы жаққа қисайған қос тісті дөңгелектерді немесе тісі AOB бұрышы (шеvron бұрышы) түрінде жасалған шеврон дөңгелектерін (6-сурет), қолдану осьтік күшті жояды [4]:


$$Q_1 = |Q_2| = P_1 \operatorname{tg} \beta_d,$$

мұндағы β_d — тістідөңгелектің бөлгіш цилиндрінің құраушы бетіне тістің бүйір бетінің көлбеулік бұрышы.



6-сурет. Шеврон дөңгелектері

Қос тісті дөңгелектер ырғақпен жұмыс істейді, олардың тістері үлкен беріктікке ие, бұл доңғалақтар үлкен қуатты жоғары айналмалы жылдамдықты бере алады, (60-70 м/сек дейін, ал тесігі бар шеврон дөңгелектерінде 7-сурет одан да жоғары).



7-сурет. Тесігі бар шеврон дөңгелектері

Осы тік күшті жою бұрғылау сорғысының трансмиссиялық және түпкілікті біліктердің мойынтіректерінің қызмет ету мерзімін арттырады. Бұл - тіректерде салыстырмалы түрде арзан домалау мойынтіректерін қолдануға мүмкіндік береді (радиалды шарикті және роликті, жеңіл және орташа сериялы және т.б. мойынтіректерді). Мойынтірек қақпағын бекітетін болттардың диаметрі немесе саны азаяды. Қосарланған тісті дөңгелектер $\beta_d \approx 25^\circ \div 40^\circ$ көлбеу бұрышпен кесіледі. Көлбеу бұрыштың ұлғаюымен келтірілген диаметр мен келтірілген тістердің саны артады, ал бұл тісті беріліс беріктігінің жоғарылауының себептерінің бірі болып табылады.

Шеврон дөңгелектерінің тістерін көшіру әдісімен (фрезерлік станоктарда) немесе илектеу әдісімен (тісті кесу немесе тісті кесу станоктарында) кесуге болады.

Тісті тәждер 40ХН немесе 38ХМ типті легирленген хром – никель болаттарынан, шестернялар 40ХН, 38ХНЗМФА немесе басқа маркалы болаттарынан, тістері 54-57 HRC қаттылығына дейін ЖЖТшынықтырумен жасалған.

Әдебиеттер

1. Баграмов Р.А. Буровые машины и комплексы. М., Недра, 1988.
2. Ильский А.Л., Миронов Ю.В., Чернобыльский А.Г. Расчет и конструирование бурового оборудования. – М.: Недра, 1985. – 452с.
3. Ефимченко С.И., Прыгаев А.К. Расчет и конструирование оборудования нефтяных и газовых промыслов. Часть I. Расчет и конструирование оборудования для бурения нефтяных и газовых скважин. Учебник для вузов. – М: ФГУП «Изд-во «Нефть и газ» РГУ нефти и газа им. И.М. Губкина, 2006.-736 с.
4. Балденко Ф.Д., Шмидт А.П. Буровые насосные агрегаты (моделирование динамической системы, расчет оптимальных параметров режима работы). – М.: РГУ нефти и газа им. И.М.Губкина, 2005. – 94 с.

Е.Ө. Базарқұл, Ш.М. Медетов

НАО «Атырауский университет нефти и газа имени С. Утебаева», Атырау, Казахстан

СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ КОНСТРУКЦИИ ЗУБЧАТОЙ ПЕРЕДАЧИ ТРАНСМИССИОННОЙ ЧАСТИ БУРОВОГО НАСОСА

Аннотация. В данной статье проведен анализ характеристик зубчатых передач, которые устанавливаются между трансмиссионным и конечным валами бурового насоса. Проведенный глубокий анализ способствовал выбору эффективной зубчатой передачи, размещаемой между трансмиссионным и конечным валами с учетом условий работы бурового насоса. В основном в данной статье изложены данные по совершенствованию конструкции зубчатой передачи, а также показаны различные виды зубчатых передач в процессе ее работы и их преимущества и недостатки друг от друга, а также сопоставлены качества их работы. Исходя из информации на графике, был выбран наиболее эффективный на сегодняшний день новый тип зубчатой передачи, показаны его графические схемы и размеры. При использовании этих новых зубчатых передач наблюдается снижение шума и увеличение скорости зубчатых передач, и показано, какие преимущества могут принести технические, экономические и другие показатели бурения.

Ключевые слова: буровой насос, подшипники, трансмиссионный вал, коренной вал, усовершенствование конструкции зубчатой передачи.

E.O.Bazarkul, Sh.M. Medetov

«Atyrau University of Oil and Gas named after S. Utebayev», Atyrau, Kazakhstan

IMPROVEMENT OF THE DESIGN OF THE GEAR DRIVE OF THE TRANSMISSION PART OF THE DRILLING PUMP

This article analyzes the characteristics of gears that are installed between the transmission and final shafts of the drilling pump. The conducted in-depth analysis contributed to the selection of an effective gear train placed between the transmission and final shafts, taking into account the operating conditions of the drilling pump. Basically, this article presents data on improving the design of a gear train, as well as showing different types of gears in the process of its operation and their advantages and disadvantages from each other, as well as comparing the quality of their work. Based on the information on the graph, the most effective new type of gear was selected to date, its graphic schemes and dimensions are shown. When using these new gears, there is a reduction in noise and an increase in the speed of gears, and it is shown what advantages can be brought by technical, economic and other drilling indicators.

Key words: drilling pump, bearings, transmission shaft, main shaft, gear train design improvement.

УДК 55.33.37 621

МРНТИ 55.33.37

Д.Ж. Дилханов, Ш.М. Медетов

«С. Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университеті» КеАҚ, Атырау қ.,
Қазақстан

E-mail: daurendill@gmail.com, medetov.76@mail.ru

БҰРҒЫЛАУ ҰРШЫҒЫНЫҢ НЕГІЗГІ ТІРЕГІН ЖЕТІЛДІРУ

Түйіндеме. Бұл мақалада мұнай және газ ұңғымаларын бұрғылауда қолданылатын негізгі механизмнің бірі - бұрғылау ұршықтары, олардың маңызы, қызметі, қолданылу саласы және негізгі тірегін жетілдіру жолы келтірілген. Мойынтіректердің қызметі, олардың қандай зақымдануларға ұшырайтындығы, және оларды жетілдірудің маңыздылығы көрсетілген. Негізгі тіректі жетілдіру барысында, әр түрлі мойынтірек түрлері және олардың бір-бірінен артықшылығы мен кемшіліктері көрсетіліп, олардың жүк көтергіштік қабілеті

график ретінде салыстырылған. Графиктегі ақпараттарға сүйеніп, қазіргі таңдағы ең тиімді деген жаңа мойынтіректің түрі таңдалып, оның графикалық сызбасы мен өлшемдерін көрсетілді. Осы жаңа мойынтіректі қолдану барысында, мойынтіректің жұмыс ресурсы қаншалықты артқандығы және ол өз кезегінде бұрғылау процессіне, бұрғылаудың техникалық, экономикалық және басқа да көрсеткіштеріне қандай артықшылықтар әкелетіндігі көрсетілген.

Түйінді сөздер: Бұрғылау ұршығы, мойынтіректер, негізгі тірек, көмекші тірек, тіректі жетілдіру.

Ұңғыманы салудың технологиялық операцияларын орындаудың қазіргі жағдайында бұрғылау жабдығы жоғары техникалық талаптарға жауап беруі тиіс.

Бұрғылау қондырғысының негізгі механизмдерінің бірі болып табылатын бұрғылау ұршықтарына ерекше назар аудару керек.

Негізгі функциялардан басқа (бұрғылау ерітіндісін айналмалы бұрғылау бағанына беру), бұрғылау ұршықтары ұңғыманы жууда және кері клапаны бар бұрғылау бағаналарын көтеруде оған ерітіндіні құю кезінде де қолданылады. Қашауды мәжбүрлеп беруге арналған құрылғысы бар жеңіл жылжымалы қондырғыларда қашауға жүктеме бұрғылау ұршығы арқылы да беріледі. [1]

Ұршықтың оқпанының тіректері оқпанның еркін айналуын және оның радиалды және осьтік қозғалыстардан бекітілуін қамтамасыз етеді.

Ұршықтың оқпаны негізгі және көмекші тіректерге бекітіледі.

Ұршықтардың көмекші тіректері ретінде, әдетте, сүйеніш шарикті немесе роликті мойынтіректер қолданылады. Қысқа цилиндрлік, кейде, инелі роликтері бар бір қатарлы радиалды роликті мойынтіректер тіректер ретінде қолданылады.

Бұрғылау ұршықтарында негізгі тірек ретінде сүйеніш немесе сүйеніш-радиалды мойынтіректер қолданылады, соңғы жағдайда олар радиалды жүктемелерді де қабылдайды және корпуста оқпан центрленеді.


Жоғары жылдамдықта жұмыс істеу үшін мойынтіректер массивті болат немесе қола сепараторлармен жабдықталған. Штампталған сепараторлар мен сепараторсыз құрылымдар сирек қолданылады.

Бұрғылау ұршықтарының негізгі тіректері олардың жұмысын шектейтін элементтер болып табылады. Жұмыс кезінде олар әртүрлі зақымдануларға (үгілу, қабыршақтану, шаршау жарықтары, домалау денелері мен сақиналардың беттеріндегі шешек тәрізді тозу, бет астындағы жарықтардың түзілу) ұшырайды, сөйтіп, жанасып-шаршаудан бұзылады.


Ұршықтардың негізгі тірегі келтірілген эквивалентті жүктеме бойынша ұзақмерзімділікке есептеледі.

Бұрғылау ұршықтарының көмекші тіректерінің мойынтіректері белгілі бір жүктемені көтермейді, олардың өлшемдері мен түрі құрылымға сәйкес таңдалады.

Бұрғылау ұршығының мойынтіректері, оқпан сияқты, ұршықтың ұзақмерзімділігі мен сенімділігін анықтайтын негізгі элементтер болып табылады, сондықтан тіректің қызмет ету мерзімін ұзартуға мүмкіндік беретін олардың құрылымы мен сипаттамаларын жақсарту өте маңызды, өзекті мәселе болып табылады. [2]



1-сурет. Мойынтіректердің динамикалық жүк көтергіштігі



2-сурет. ТІМКЕН 100ТТНД045 мойынтірегі

$d=254$ мм, $D=539,75$ мм, $H=498,5$ мм, $T=117,475$ мм, $E=285,8$ мм, $r_s=11,1$ мм

1-суретте әр түрлі мойынтіректердің динамикалық жүк көтергіштігі көрсетілген. Бұл жерде салыстырылып тұрған мойынтірек: салмақты-шарикті, салмақты-конусты роликтермен, салмақты-цилиндрлі роликтермен және ТІМКЕН салмақты-цилиндрлі роликті мойынтіректер. Бұл графиктен ТІМКЕН салмақты-цилиндрлі роликтер бар мойынтіректердің жоғары динамикалық жүк көтергіштікке ие екендігін көріп тұрмыз.

Мен, өзімнің дипломдық жобамда ұршықтың негізгі тірегіні жетілдіру барысында, мойынтірек 889752X1 – негізгі тірегіні ТІМКЕН 100ТТНД045 мойынтірегімен алмастырдым (2-сурет).

Дипломдық жобамның есептік бөлімдегі, ұршықтың негізгі тірегінің есебі көрсеткендей, мойынтіректерді алмастырғаннан кейін, негізгі тіректің ресурсы 2,86 есе өскен.

Ұршықтың негізгі тірегінің ресурсы өскен сайын, оның жұмысқа қабілеттілігі де өседі, ұңғыма құрылысның уақыты азаяды, мойынтіректерді пайдалану азаяды және тозған мойынтіректерді ауыстыру кезінде туындайтын бұрғылау қондырғыларының мәжбүрлі тоқтап қалу жиілігі азаяды. Ол өз кезегінде бұрғылаудың техникалық-экономикалық көрсеткіштеріне оң әсер етеді.

Әдебиеттер

1. Баграмов Р.А. Буровые машины и комплексы. М., Недра, 1988.

2. Ильский А.Л., Миронов Ю.В., Чернобыльский А.Г. Расчет и конструирование бурового оборудования. – М.: Недра, 1985.

Д.Ж. Дилханов, Ш.М. Медетов

НАО «Атырауский университет нефти и газа имени С. Утебаева», Атырау, Казахстан

МОДЕРНИЗАЦИЯ ОСНОВНОЙ ОПОРЫ БУРОВОГО ВЕРТЛЮГА

Аннотация. В данной статье представлен один из основных механизмов, используемых при бурении нефтяных и газовых скважин - буровые вертлюги, их значение, назначение, область применения и способы модернизации основной опоры. Показана функция подшипников, каким повреждениям они могут быть подвержены, и важность их модернизации. В ходе усовершенствования основной опоры были показаны различные типы подшипников, их преимущества и недостатки и их грузоподъемность сравнивалась в виде графика. Исходя из информации на графике, был выбран новый тип подшипника, наиболее эффективный на сегодняшний день, с указанием его графической схемы и размеров. В ходе применения этого нового подшипника показано, насколько увеличен рабочий ресурс подшипника и какие преимущества он, в свою очередь, принесет процессу бурения, техническим, экономическим и другим показателям бурения.

Ключевые слова: буровой вертлюг, подшипники, основная опора, вспомогательная опора, модернизация опор.

D.Zh. Dilkhanov, Sh.Sh. Medetov

«Atyrau University of Oil and Gas named after S. Utebayev», Atyrau, Kazakhstan

MODERNIZATION OF THE MAIN SUPPORT OF THE DRILLING SWIVEL

Annotation. This article presents one of the main mechanisms used in drilling oil and gas wells - drilling swivels, their meaning, purpose, scope and methods of modernization of the main support. The function of bearings, how they can be damaged, and the importance of their modernization are shown. In the course of improving the main support, various types of bearings were shown, their advantages and disadvantages, and their load capacity was compared in the form of a graph. Based on the information on the graph, a new type of bearing was selected, the most effective to date, indicating its graphic scheme and dimensions. During the application of this new bearing, it is shown how much the working life of the bearing is increased and what advantages it, in turn, will bring to the drilling process, technical, economic and other drilling indicators.

Keywords: drilling swivel, bearings, main support, auxiliary support, support modernization.

УДК 66-5

МРНТИ 61.13

А.А. Тасимов

НАО «Атырауский университет нефти и газа имени С. Утебаева», Атырау, Казахстан

E-mail: atas4678@gmail.com

ПОВЫШЕНИЕ ЭФФЕКТИВНОСТИ ЭКСПЛУАТАЦИИ КОМПРЕССОРНОЙ УСТАНОВКИ С ПРИМЕНЕНИЕМ МОДЕРНИЗИРОВАННОГО ОБРАТНОГО КЛАПАНА

Аннотация. В данной статье рассматривается повышение эксплуатационной надежности компрессора за счет применения модернизированной конструкции клапанов.

На основании проведенного анализа компрессоров и их конструкций, выяснено, что одними из быстро изнашивающихся узлов компрессора являются устаревшие конструкции кольцевых клапанов цилиндра. Предложена замена устаревших конструкций кольцевых

100

клапанов на клапаны с цельнолитым корпусом, для отливки которого могут использоваться термостойкие конструкционные пластмассы, из полиэфиркетона или полифениленсульфида. Данное усовершенствование конструкции клапанов с использованием новых материалов обеспечит безотказную работу компрессора.

Ключевые слова: компрессорная установка, конструкции кольцевых клапанов, водород.

К основным показателям надежности компрессоров относятся: время безотказной работы, малая потребляемая мощность, удобство эксплуатации, безопасность для обслуживаемого персонала, удобство эксплуатации и ремонта.

К основным причинам отказов относятся следующие причины.

Ненормальное повышение давления, которое вызывается неисправностью клапанов на следующей ступени. Неисправный клапан можно обнаружить по индикаторной диаграмме и заменить его.

Ненормальное повышение давления сжимаемого газа может быть следствием неправильного распределения давления по ступеням или неисправностью системы охлаждения.

Неисправность системы охлаждения заключается в образовании накипи в отдельных рубашках компрессора и в трубах холодильника. Снижение эффективности охлаждения может быть вызвано также неисправностью центробежных насосов.

Внезапное падение давления масла в циркуляционной системе может быть вызвано: поломкой шестеренного насоса; разрывом маслопровода; поломкой пружины предохранительного клапана.

Постепенное падение давления в циркуляционной системе, причиной которого может быть: засорение масляного фильтра или крепежной сетки насоса; не плотность предохранительного клапана; большая выработка вкладышей подшипников скольжения; растопка смазки вследствие перегрева.

Повышение температуры масла вызывается загрязнением масляного холодильника или повышением температуры движущихся частей компрессора вследствие их износа.

Резкий стук в цилиндре компрессора может быть следствием целого ряда неполадок: попадания куска пружины, обломка клапана между поршнем и крышкой; непосредственного удара поршня о крышку; ослабления соединения поршня со штоком; ослабления поршневых колец в канавках поршня; ослабления соединения штока крейцкопфа; попадания в цилиндр жидкости или чрезмерная смазка его; большого износа продувочного цилиндра или крейцкопфа и наличия увеличенного зазора между ними; износа пальца; слабой посадки клапанов в гнездах цилиндра.

Снижение подачи компрессора является следствием не герметичности клапанов, износа поршневых колец, цилиндров и сальников.

Рекомендации по повышению эксплуатационной надежности

На основании проведенного анализа компрессоров и их конструкций, выяснено, что одними из быстро изнашивающихся узлов компрессора являются устаревшие конструкции кольцевых клапанов цилиндра.

Задачей данного проекта является усовершенствование конструкции клапанов с целью повышения его эксплуатационной надежности.

Прямоточный клапан компрессора представляет собой цельнолитой корпус, для отливки которого могут использоваться термостойкие конструкционные пластмассы, например, полиэфиркетоны или полифениленсульфиды.

В таблице 1.1 указаны свойства конструкционных пластмасс.

Таблица 1.1 – Свойства термостойких конструкционных пластмасс


Свойства	Единицы измерения	Полиэфиркетон			Полифенилен сульфид
		1000	GF30	CA 30	HPV PPS
Плотность	г/см ³	1,31	1,51	1,41	1,43
Водопоглощение за 24 часа, максимальное	%	0,45	0,3	0,3	0,09
Температура плавления	°С	340	340	340	280
Коэффициент теплопроводности при 23° С	Вт/м·К	0,25	0,43	0,92	0,30
Коэффициент линейного расширения при температурах 23-100 °С	м/м·К	5·10 ⁻⁵	3·10 ⁻⁵	2,5·10 ⁻⁵	5·10 ⁻⁵
Температура начала изгиба под нагрузкой 1,8 МПа	°С	160	230	230	115
Диапазон рабочих температур	°С	+250	+250	+250	+220
Предел прочности при растяжении	МПа	-	90	130	95
Напряжение при сжатии (2% деформация)	МПа	57	81	97	85
Относительное удлинение при разрыве	%	20	5	5	5
Модуль упругости	МПа	4400	6300	7700	3700
Ударная вязкость по Шарпи – без надреза – с надрезом	кДж/м ²	35	35	35	25
Твердость по Бринеллю	МПа	230	270	325	165
Диэлектрическая проницаемость при 10 ⁶ Гц	-	3,2	3,6	-	3,3

На рисунке 1.1 изображена предлагаемая компоновка конструкции клапана. В корпусе 1 со стороны всасывания выполнены проточные каналы 2, которые последовательно расположены относительно друг друга с заданным шагом t . Со стороны нагнетания в корпусе выполнены запорные ниши 3, которые также последовательно расположены относительно друг друга с тем же шагом t . Но относительно проточных каналов 2 запорные ниши 3 смещены на половину шага t . Кроме того, запорные ниши 3 выполнены с равномерно уменьшающейся в сторону всасывания площадью поперечного сечения.

Концы запорных ниш 3 с обеих сторон ограничены пазом 4 в корпусе 1 клапана. Этот паз при отливке клапана круглой формы выполнен кольцевым.

Проточные каналы 2 корпуса 1 выполнены с продольными 5 и торцовыми 6 сужающимися участками. При этом продольные участки 5 сужаются так, что поверхности корпуса клапана, ограничивающие эти участки, линейно сопряжены на стороне нагнетания клапана. Торцовые участки 6 сужаются в свою очередь так, что образующие эти участки поверхности корпуса 1 сопряжены по линии 7 в местах пересечения проточных каналов 2 с пазом 4. Такое исполнение сужающихся участков 5 и 6 формирует замкнутые в исходном положении полости проточных каналов 2, где поверхности сопряжения этих участков выполняют функции седельных поверхностей. В корпусе 1 клапана, помимо всего прочего, высота "а" продольных сужающихся участков 5 проточных каналов 2 равна глубине "в" запорных ниш 3. К тому же поверхности корпуса 1, образующие боковые

стенки 8 запорных ниш и боковой стенки 9 сужающихся участков 5 проточных каналов 2, расположены в параллельных плоскостях.



а - высота продольных сужающихся участков; в – глубина запорных ниш; t – шаг ячеек; 1 – корпус клапана; 2 – проточные каналы; 3 –запорные ниши; 4 – паз; 5,6 - сужающиеся участки;
7 – линия сопряжения; 8,9 – боковые стенки

Рисунок 1.1– Конструкция клапана




Рисунок 2. Горизонтальный компрессор

Вывод. Замена устаревших конструкций обратных кольцевых прямоочных клапанов на клапаны с цельнолитым корпусом из термостойкой конструкционной пластмассы повысит износостойкость клапанов и их эксплуатационные свойства.

Список литературы

1. Абдурашитов, С.А., Тупчинков, А.А. Насосы и компрессоры. – М.: Недра, 1974.
2. Дубинин, М.М. Компрессорные установки в нефтяной и газовой промышленности. – М.: Недра, 1970.- С.142
3. Михайлов, А.К., Ворошилов, В.П. Компрессорные машины. – М.: Недра, 1989.- С.27
4. Черкасский, В.М. Насосы, вентиляторы, компрессоры. Энергоатомиздат, 1984. – С.54

А.А. Тасимов

«С. Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университеті» КеАҚ, Атырау қ., Қазақстан

ЖАҢАРТЫЛҒАН КЕРІ КЛАПАНЫ ҚОЛДАНА ОТЫРЫП, КОМПРЕССОРЛЫҚ ҚОНДЫРҒЫНЫҢ ЖҰМЫС ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ

Түйіндіме. Мақалада сутекті айдауға арналған компрессорлық қондырғы қарастырылған. Компрессордың осы түріне байланысты проблемалар анықталды. Негізгі назар осы мәселелердің біріне, атап айтқанда, сақиналы клапандар құрылымының тез тозуына және осы төсем қандай нәтижеге әкелетініне аударылады. Сондай-ақ, жұмыста бұл мәселені шешудің бір жолы көрсетілген. Бұл материал инженерия саласындағы мамандарға қызықты болады.

Түйінді сөздер: Компрессорлық қондырғы, сақиналы клапандардың конструкциялары, сутегі.

A.A. Tasimov

«Atyrau University of Oil and Gas named after S. Utebayev», Atyrau, Kazakhstan

IMPROVING THE EFFICIENCY OF OPERATION OF THE COMPRESSOR UNIT WITH THE USE OF AN UPGRADED CHECK VALVE

Annotation. The article deals with a compressor unit designed for pumping hydrogen. The existing problems associated with this type of compressor are revealed. The main attention is focused on one of these problems, namely, the rapid wear of the design of the ring valves and what result this pad will lead to. Also in the work, one of the ways to solve the current problem is indicated. This material will be of interest to specialists in the field of engineering.

Keywords: compressor unit, ring valve designs, hydrogen.

ГЛАВА 4. ИНФОРМАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ И ФИЗИКО-МАТЕМАТИЧЕСКИЕ НАУКИ

МРНТИ 06.39.31

**Б.Б. Оразбаев¹, Б. Темірғалиұлы¹, Ж.Ш. Аманбаева², А.Б. Казиева²,
Б.Е. Утенова²**

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан,

²С. Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университеті, Атырау, Қазақстан

E-mail: batyr_o@mail.ru, beybarys_t@mail.ru, zh.amanbaeva@aogu.edu.kz,
a.kazieva@aogu.edu.kz, balbupe_u_e@mail.ru

АНЫҚСЫЗДЫҚТА ИНВЕСТИЦИЯ ЕСЕПТЕРІН ШЕШУ ҮШІН ШЕШІМ ҚАБЫЛДАУ ҮДЕРІСІ МЕН МОДЕЛІ

Аннотация. Қазірге кезде өзекті болып саналатын, шынайы практикада орын алатын бастапқы ақпараттардың айқынсыздығы жағдайларында инвестиция есептерін шешу, атап айтқанда инвестициялық жобаны қаржыландыру бойынша тиімді шешім қабылдау мәселелері зерттелген. Айқынсыздық жағдайында инвестиция есептерін тиімді шешу үшін эксперттік бағалау және айқын емес теориясы тәсілдері негізінде шешім қабылдау тәсілдемесі ұсынылады. Мұндай шешім қабылдау тәсілдемесі инвестиция есептерін шешуде тиімді шешім қабылдаудың кешенді тәсілдемесі ретінде тұжырымдалады. Инвестициялық жобаларды қаржыландыруда таңдалған критерийлер бойынша тиімді шешімді таңдау процесінің құрылымдық сызбасы құрылады. Инвестициялық жобаларды қаржыландыру бойынша шешім қабылдау есебін декомпозициялаудың құрылымдық моделі жасакталады. Нарықтық экономикада, яғни анықсыздық жағдайларында инвестициялық жобаларды қаржыландыруда болуы мүмкін тәуекелдіктерді бағалау тәсілдері жүйеленіп, негізгі тәсілдеріне сипаттама беріледі. Ғылыми мақалада шешім қабылдау теориясы тәсілдерін инвестиция есептерін айқынсыздықта шешу үшін модификациялап, бейімдеу бағытында маңызды нәтижелер алынған. Алынған нәтижелерді практикада инвестиция есептерін шешуде қолдану тиімді нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: инвестиция, инвестициялық жоба, айқынсыз ақпарат, тәуекелдік, эксперт, эксперттік бағалау, шешім қабылдау.

1. Кіріспе. Инвестиция – кәсіпорындар мен өнеркәсіп салалырын дамыту мақсатымен, болашақта тиімді жұмыс жасап, көп пайда әкеле алады деген, яғни келешегі бар, бірақ қазіргі жағдайда оны жандандыру мен дамыту үшін қаржыны қажет ететін кәсіпорындарға қаржы құю процесі болып табылады [1, 32 бет, 2, 51-52 бет]. Практикада кез-келген өндіріске, кәсіпорынға немесе жобаға инвестиция құю есептері нарықта туындайтын түрлі анықсыздықтар мен айқынсыздықтар себебіне, формализацияланбайтын, не күрделі формализацияланатын есептер болып табылады [3, 4, 37 бет]. Ал мұндай анықсыздық, айқынсыздықпен сипатталатын инвестиция есептерін шешу үшін қолданатын модельдер мен тәсілдер жасанды интеллект тәсілдеріне, соның ішінде эксперттік бағалау тәсілдері, айқын емес жиындар, мүмкіндіктер теориясы тәсілдерін қолдана арқылы құрылады [5, 87-102 бет, 6, 7, 78 бет].

Бастапқы ақпараттардың жетіспеушілігіне байланысты анықсыздық, айқынсыздық жағдайларында шешім қабылдау модельдері мен тәсілдерін әзірлеумен байланысты практикалық тұрғыдан инвестициялық қызметтер саласының есептерін зерттеу мен шешуге сұрақтары қазіргі таңда аса маңызды да, өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Сонымен шынайы өмірде инвестициялық есептерді шешу үшін әрқайсысы айқынсыздықпен,

белгісіздікпен сипатталатын, бірнеше кезеңдер арқылы жүзеге асырылады. Анықсыздықпен сипатталатын мұндай инвестиция есептерін шешу зерттеу саласы бойынша маман-эксперттердің қатысулары негізінде ғана тиімді жүзеге асырылуы мүмкін [8]. Бұл есептерді шешу барысында қатыстырылатын эксперттердің білімдерін байланыстар, модельдер мен алгоритмдер түріндегі формализацияланған түрге және эмпирикалық ережелер, әдістер, басымқы, интуиция, тәжірибе тәрізді формализацияланбайтын түрге бөлуге болады. Сол себептен жасанды интеллект тәсілдеріне негізделген, күрделі формализацияланатын есептерді шешуге арналған шешім қабылдау жүйесін құру және қолдану маңызды және перспективалы бағыт болып саналады [9, 23 бет., 10, 57-58 бет].

2. Есептің қойылымы. Бұл зерттеу жұмысында күрделі практикада, қазіргі нарықтық экономика жағдайында шешу өте маңызды болып саналатын, алайда формализациялануы, сәйкесінше шешуі күрделі болып табылатын инвестиция есептерін шешу қажет болады.

Жалпы түрде зерттеу есебінің қойылымын келесідей тұжырымдауға болады: «Нарықтық экономикада анықсыздықпен сипатталатын есепті шешу үшін, тиімді шешімді таңдау мақсатымен есеп пен оның анықсыздығын формализациялау қажет».

Ал жұмыстың тақырбы мен мақсатына байланысты анықсыздықта инвестиция есептерін шешу үшін шешім қабылдау үдерісі зерттеп, сипаттау негізінде инвестиция есебін тиімді шешу үшін шешім қабылдау моделінің құрылымын анықтау қажет.

3. Зерттеу мақсаты мен міндеттері. Зерттеу жұмысының мақсаты – анықсыздықта инвестиция есептерін тиімді шешу үшін шешім қабылдау үдерісін зерттеу және шешім қабылдау есебін декомпозициялаудың құрылымдық моделін құру, сондай-ақ шешім қабылдауда орын алатын тәуекелдіктерді бағалау тәсілдерін зерттеу.

Аталған зерттеу мақсатына қол жеткізу үшін келесідей негізгі міндеттер қойлып, шешілетін болады:

- Инвестиция есептерін тиімді шешу үшін шешім қабылдаудың кешенді тәсілдемесін зерттеп, сипаттау;
- Инвестициялық шешімді таңдауда шешімді қабылдау процесінің құрылымдық сызбасын әзірлеу;
- Инвестиция есептерін шешуде шешім қабылдау есебін декомпозициялаудың құрылымдық моделін жасақтау;
- Инвестиция есептерін шешу үшін шешім қабылдауда тәуекелдіктерді бағалау тәсілдерді зерттеп, жүйелеу.

4. Зерттеу тәсілдері. Бұл жұмыста қойылған мәселені, яғни инвестиция есептерін анықсыздық жағдайында формализациялап, шешу үшін, келесі ғылыми тәсілдер мен тәсілдемелер қолданылады. Бастапқы ақпараттың айқынсыздығына байланысты туындайтын анықсыздық мәселелерін шешу үшін айқын емес жиындар теориясының тәсілдері қолданылады [5, 6, 11, 12]. Инвестиция саласындағы маман-эксперттердің тәжірибесін, білімін және ой-түйсігін, яғни интеллектісін инвестиция есептерін формализациялауда қолдану үшін эксперттік бағалау тәсілдері қолданылады [5, 25-37 бет, 13, 23-28 бет]. Ал шешім қабылдау модельдерін құру мақсатында шешім қабылдау теориясының тәсілдері қолданылады [7, 104 бет, 14, 87-89 бет].

5. Зерттеу нәтижелері мен оларды талқылау.

5.1 Инвестиция есептерінде шешім қабылдаудың кешенді тәсілдемесі.

Әдетте түрлі мерзімге инвестициялау есептерін шешу үшін шешім қабылдау процесінде келесі сұрақтар бойынша дұрыс, тиімді шешім таңдау қажет:

- инвестициялық жобаны қаржыландарудың көздерін негіздеу жолымен дұрыс анықтау және таңдау;

- инвестициядан түсетін кіріс пен болуы мүмкін қауіпті бағалау, яғни тәуекелдікті (риск) бағалау;
- инвестициялық шешімдердің тиімділігін, мақсатқа сәйкестігін негіздеу;
- инвестициялық жобалардың нәтижелерін болжау, т.б. [15, 205 бет, 16, 75-77 бет, 17, 112 бет].

Шешім қабылдау модельдерін құру мен пайдалану талап етілген инвестиция шамасы мен түсетін табыстың болжамды шамасымен салыстыруды қамтамасыз етеді, ал бұл салыстыру инвестиция есебінің негізі болып табылады.

Инвестиция есептерінде шешім қабылдау инвестициялық саясаттың зерттелетін жағдайларында ең жақсы альтернативаны іздеумен байланысты болып табылады. Келесі 1-суретте инвестициялық шешімді таңдауда альтернативаларды бағалаудың жалпы құрылымы көрсетілген.



Сурет 1 – Инвестициялық шешімді таңдауда процесінің құрылымдық сызбасы

Сонымен келтірілген суреттен байқалатындай шешім қабылдау процесінің алгоритмдік құрылымы альтернативаларды салыстыру және таңдаумен байланысты болады. Инвестиция есептерін шешуде шешім қабылдау процесі шешілетін келесі процедуралар тізбегімен анықталады [3]:

- мүмкін болатын альтернативаларды $\{A\}$ мүмкін шешімдер жиыны ретінде анықтау;
- анықталған альтернативаларды оларды бағалайтын критерийлер арқылы бағалау, нәтижесінде альтернативалардың рұқсатсалған ішкі жиынын $\{A_{don}\} \in \{A\}$ интеграленген критерий көмегімен анықтау;
- анықтанған рұқсатсалған альтернативалардың ішкі жиынанан $\{A_{don}\}$ ең жақсысын таңдау. Бұл процедурада таңдау модельдері мен тәсілдерінің вербальды формасына қатысты шешім қабылдауды эксперттік білімдер мен тәжірибені қолданатын эвристикалық тәсілдеме қолданғаны дұрыс.

Инвестиция есептерін шешуде шешім қабылдау процесінің моделі қандай да бір күрделі жүйені декомпозициялау процесін қамтиды. Ал декомпозициялау кезінде процесстің элементтері мен олардың арасындағы байланыстар анықталуы тиіс.

Жүйе анықтамасына сәйкес [5], инвестиция есептерін шешуде шешім қабылдау процесін келесі кортеж көмегімен жазуға болады:

$$S_{np} = \langle A, Q_A, R, Q_R, B, Z, S_Z, \Delta T, N, L_N \rangle \quad (1)$$

Жазылған (1) кортежінде қабылданған белгілемелер:

$A = \{a_i\}$ – шешім қабылдау жиыны;

Q_A – шешім қабылдау процесі элементтерінің қасиеттері жиыны;

$R = \{r_i\}$ – элементтер арасындағы байланыстар жиыны;

Q_R – шешім қабылдау процесі элементтер байланысының қасиеттерінің жиыны;

Z – шешім қабылдау процесінің мақсаты;

U_Z – мақсатты құру шарттары;

Z – шешім қабылдау процесінің конструктивті параметрлері;

ΔT – шешім қабылдау процесінің өмір сүру уақыт аралығы;

N – шешім қабылдау процесін бақылаушы;

L_N – бақылаушы тілі.

Жоғарыда келтірілген (1) кортежі және шешім қабылдау процесінің құрылымдық келтірілуі инвестиция есебін шешуде жалпы шешім қабылдау есебін декомпозициялауға мүмкіндік туғызады.

Инвестиция есебін шешуде шешім қабылдау есебінің құрылымдық моделі төмендегі 2-суретте иллюстрацияланған.

Сонымен, инвестиция есебін шешу үшін *шешім қабылдау процесстерінің ерекшелігі* төмендегі жиындарды анықтауда:

- формальды түрде инвестициялардың масаттарына сай болатын шешім қабылдау процесін жүзеге асыру үшін альтернативаларды генерациялау G_A тәсілдері жиынын анықтау;

- модельдер жиынын – M ;


- альтернативаларды бағалау тәсілдерінің жиынын – D ;

- альтернативалар тиімділігін бағалау критерийлері жиынын – F ;

- шешім қабылдау модельдері жиынын – $\{M_{np}\}$.

Анықталуы қажет келтірілген жиындардың элементтері, жоғарыда келтірілген (1) анықтамасына сәйкес, инвестиция есептерінде шешім қабылдау процесінің жиынының (A) элементтері болып табылады.

Шешім қабылдау жиыны A элементтерінің өз-ара байланыстары, альтернативалар жиынын $\{A\}$, рұқсатталған альтернативалар жиынын $\{A_{don}\}$, оптималды альтернативаға A_{opt} қатысты шешім қабылдау кезінде сәйкестік қасиетіне сай анықталады.



Сурет 2 – Инвестиция есептерін шешуде шешім қабылдау есебін декомпозициялаудың құрылымдық моделі

5.2 Инвестиция есептерін шешуде кезінде шешім қабылдауда тәуекелдіктерді бағалау

Көбінесе инвестициялық қызмет ұзақ мерзімдік болатындықтан және инвестициялық процеске әсер ететін бірқатар өлшенбейтін параметрлермен сипатталатындықтан, әдетте тәуекелдік орын алады. Инвестиция есептерін шешу кезінде бұл тәуекелдік факторлар анықталып, бағалану және ескерілуі тиіс.

Инвестиция есептерінде дұрыс шешімді қабылдау, ең бірінші тәуекелдікті төмендетуге мүмкіндік береді. Тәуекелдікті бағалауда, қолдануларына бір мәнді нұсқаулар мен ұсыныстары жоқ, әр түрлі тәсілдер пайдаланылады. Алайда тәуекелдікті бағалауда қолданатын негізгі 2 тәсілге, яғни сандық және сапалық тәсілдерге жіктеуге болады. Сонымен *инвестиция есептерін шешуде туындайтын тәуекелдіктерді бағалау тәсілдерін жүйелеу нәтижесінде* төмендегі 2-суретте келтіргендей жіктеме алынған.

Суретте келтірілген негізгі тәуекелдікті бағалау тәсілдерінің қысқаша сипаттамасын берейік. Инвестициялық тәуекелдікті сапалы бағалау тәсілдері тізбектей, тәуекелдіктердің құнын бағалау, тәуекелдіктердің салдары мен «тұрақтандыру» шараларының құны сияқты, сандық нәтиже алуға мүмкіндік береді.



Сурет 3 – Инвестиция есептерін шешуде орын алатын тәуекелдіктерді бағалау тәсілдердің жіктелімі

Инвестициялық тәуекелдікті бағалаудың сапалық тәсілдерінің арасында көбінесе: шығындардың орынды жұмсалуды талдау тәсілі; ұқсастықтар тәсілі; белгілі эксперттік бағалау тәсілдері және осы тәсілдің көп қолданатын түрі – Дельфи тәсілі қолданылады.

Шығындардың орынды жұмсалуды талдау тәсілі қаржы және басқа шығындардың нормадан анағұрлым артық болуы төмендігі себептерге қатысты деген болжам негізінде қолданылады:

- инвестициялық жоба құнын алғашке кезде толықтай, немесе дұрыс емес бағаланғанда;
- инвестициялық жоба шекаралырының өзгергенде;
- инвестицияланатын кәсіпорындағы машиналар мен механизмдердің өнімділіктері жобадағыдан басқаша болғанда;
- инвляция немесе салықтық заңнамалардың өзгеруі себебінен инвестициялық жоба құнының өсуі орын алғанда.

Келтірілген факторлар жете қарастырылады және инвестициялық жобаның әр нұсқасына статьялар бойынша шығындар көлемінің артуының тізбесімен салыстырады. Инвестициялық жобаны қаржыландыру процесі, оны жүзеге асыру фазаларына байланысты, кезеңдерге байланысты бөлінеді. Кезең-кезеңдермен қаржыландыру инвесторға тәуекелдік белгілері пайда болған жағдайды, инвестициялық жобаны қаржыландыруды тоқтатуға, немесе тәуекелдікті төмендету шараларын анықтап, орындауға мүмкіндік туғызады.

Ұқсастықтар тәсілі қаржыландырылап отырған инвестициялық жобаға ұқсас жобалар деректерін, мысалы тәуекелдік бойынша, талдау және жаңа жобаны жүзеге асыруда мүмкін болатын тәуекелдіктің қолайсыз факторлары әсерін зерттеп, ескеруге негізделген. Бұл тәсілдің күрделілігі ұқсас, аналогты дұрыс тандаудың қиындығына қатысты туындайды.

Эксперттік бағалау тәсілдерін қолданғанда инвестициялық жоба кезеңдері бойынша тәуекелдіктер эксперттердің көмегімен анықталып, сипатталады. Әр эксперт тәуекелдіктің орын алуы ықтималдығын арнаулы бағалау жүйесі бойынша өзінің тәжірибесі, білімі және интуициясы негізінде бағалайды. Мұндай бағалауда эксперттер сандар емес сөздер, яғни айқын емес ақпаратты қолдануы мүмкін. Эксперттердің пікірлері әр түлі болған жағдайда,

эксперттер экспертизаның келесі сатысын өткізіп, қажетті деңгейде келісімді пікір алуға бағытталған жұмыстар атқарады. Тәуекелдіктер басымқылар деңгейлері арқылы рангтері бойынша реттелуі мүмкін. Содан кейін эксперттер тәуекелдіктердің салмақ коэффициенттерін (k) анықтайды. Эксперттік бағалау тәсілдерін қолданудың күрделілігі эксперттік сұраулардың ұйымдастырумен, алынған нәтижелердің объективтігі мен дәлдігін қамтамасыз етуге байланысты туындауы мүмкін.

Эксперттің бағалау тәсілдерінің бірі болып табылатын Дельфи тәсілін қолданғанда эксперттер проблеманы шешу жолдарын бірлесе отырып талқыламайды. Бұл тәсілдерде лидерлердің пікірі ескерілмейді, әр эксперттер өз пікірлерін толық қанды білдіреді және конформизм әсері болмайды.

Дельфи тәсілі эксперттік бағалаудың бірнеше тур өткізу арқылы объективтік деңгейін арттыруға мүмкіндік береді. Бұл тәсілдің артықшылығы - есептеулердің қарапайымдылығында.

Инвестиция есептерін шешу бойынша шешім қабылдаудағы тәуекелдікті сандық бағалау тәсілдері инвестициялық жобаның тәуекелдігі шамасын сандық анықтауға бағытталған. Тәуекелдікті бағалаудың сандық тәсілдеріне қолданатын деректер көздеріне байланысты сипатталған келесі белгілі тәсілдер жатқызылады:

- тәуекелдікті бағалаудың статистикалық тәсілі;
- тәуекелдікті бағалаудың сезімталдықты талдау тәсілі;
- тәуекелдікті бағалауда орнықтылықты тексеру тәсілі;
- тәуекелдікті бағалаудағы сценарийлер тәсілі;
- тәуекелдікті бағалауда қолданатын имитациондық модельдеу тәсілі.

6. Қорытынды. Бастапқы ақпараттардың айқынсыздығына байланысты туындайтын анықсыздық жағдайларында инвестиция есептерін шешу үшін шешім қабылдау үдерісі зерттеліп, шешім қабылдау есебін декомпозициялаудың құрылымдық моделі ұсынылған.

Жұмыста қойылған зерттеу міндеттеріне сәйкес келесі негізгі нәтижелер алынған:

- 1) Инвестиция есептерінің тиімді шешім қабылдаудың кешенді тәсілдемесі тұжырымдалған;
- 2) Инвестиция есептерін шешуде дұрыс шешімді таңдау процесінің құрылымдық сызбасы дайындалып, сипатталған;
- 3) Инвестициялық жобаларды қаржыландыру бойынша шешім қабылдау есебін декомпозициялаудың құрылымдық моделі жасақталған;
- 4) Инвестициялық жобаларды қаржыландыру барысында орын алуы мүмкін тәуекелдіктерді бағалау тәсілдері жүйеленіп, сипатталған.

Зерттеудің теориялық мәні - айқынсыздықта шешім қабылдау теориясы тәсілдерін инвестиция есептерін шешу үшін модификациялау нәтижелерінде. Ал жұмыстың практикалық маңыздылығы шынайы практикада болатын анықсыздық жағдайларында инвестициялық жобаларды қаржыландыру бойынша тиімді шешім қабылдауға мүмкіндік тудыру.

Әдебиеттер тізімі

1. Тычинский А.В. Управление инновационной деятельностью компаний: современные подходы. –Таганрог: Изд-во ТРТУ, 2006. –217 с.
2. Абрамов А.Е. Основы анализа финансовой, хозяйственной и инвестиционной деятельности предприятия. –М.: АКДИ «Экономика и жизнь», -2-ое изд. 2017. -320 с.
3. Финаев В.И., Каид Вадиа Ахмед Абдо. Управление инвестиционными проектами в условиях неполноты исходных данных // Сборник научно-исследовательских работ. – Кисловодск, Изд-во КГТИ, 2014. – С. 74 – 84.
4. Тычинский А.В. Неопределенности в экономических системах. –Таганрог: Изд-во ТРТУ, 2018. -187 с.

5. Оразбаев Б.Б. Методы моделирования и принятия решений для управления производством в нечеткой среде. –Астана: изд-во ЕНУ, 2016. –398 с.
6. Finaev V.I., Lankin A.V., Besshaposhnokov V.V. Formalization of Fuzzy Criteria of a Fuzzy Choice // 6th European Congress on Intelligent Techniques and Soft Computing. – Achen Mainz, 2018. – P. 31 – 36.
7. Franklin J. Stermole, John M. Stermole. Economic Evaluation and Investment Decision Methods Hardcover. Toulouse. 2014. -237 p.
8. Batanov D.N. Industrial applications of knowledge-based/expert systems // Computers in Industry, 37(2), –P. 83 – 85.
9. Оразбаев Б.Б., Серимбетов Б.А. Методы и системы искусственного интеллекта. – Алматы: Эверо: 2019, -327 с.
10. Пospelов Г.Д. Методы искусственного интеллекта. –М. Наука, 2017, -207 с.
11. Рыжов А.П. Теория нечетких множеств и ее приложений. –М.: МГУ. 2017. –115 с.
12. Fayaz, M.; Ahmad S.; Ullah I.; Kim D. A Blended Risk Index Modeling and Visualization Based on Hierarchical Fuzzy Logic for Water Supply Pipelines Assessment and Management *Processes*. 2018. –V. 6. № 5. – P. 102–112.
13. Гуцыкова С. Метод экспертных оценок. Теория и практика. –М.: Когито-Центр. 2017. –509 с.
14. Берштейн Л.С., Карелин В.П. Модели и методы принятия решений в интегрированных интеллектуальных системах. –Ростов-на-Дону: Изд-во Ростовского университета, 2-ое изд. 2017. – 285 с.
15. Вахрин П.И. Принятия решений при решении зада инвестиции Инвестиции. – М.: Дашков и Ко, 2018. –388 с.
16. Непомнящий Е.Г. Оценка инвестиции и принятия решений. – Таганрог: Изд-во ТРТУ, 2017. – 257 с.
17. Норткотт Д. Принятие инвестиционных решений. – М.: Банки и биржи, ЮНИТИ, 2-ое изд. 2017. – 258 с.

**Б.Б. Оразбаев¹, Б. Теміргалиулы¹, Ж.Ш. Аманбаева², А.Б. Казиева²,
Б.Е. Утенова²**

¹Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан,

²Атырауский университет нефти и газа имени С. Утебаева, Атырау, Казахстан

ПРОЦЕСС И МОДЕЛЬ ПРИНЯТИЯ РЕШЕНИЙ ДЛЯ РЕШЕНИЯ ЗАДАЧ ИНВЕСТИЦИИ В УСЛОВИЯХ НЕОПРЕДЕЛЕННОСТИ

Аннотация. Исследованы проблемы решения инвестиционных задач, в частности задач принятия решений по финансированию инвестиционных проектов, в условиях неопределенности исходной информации, которые являются актуальной задачей в настоящее время в реальной практике. Для эффективного решения инвестиционных задач в условиях неопределенности предлагается подход к принятию решений, основанный на методах экспертной оценки и теорий нечетких множеств. Такой подход к принятию решений сформулирован как комплексный подход к эффективному принятию решений при решении инвестиционных задач. Создана блок-схема процесса выбора эффективного решения по выбранным критериям при финансировании инвестиционных проектов. Будет разработана структурная модель декомпозиции учета принятия решений по финансированию инвестиционных проектов. В рыночной экономике, т.е. в условиях неопределенности, систематизированы методы оценки рисков при финансировании инвестиционных проектов и описаны основные из них. Научная статья содержит важные результаты в области модификации и адаптации методов теории принятия решений для решения инвестиционных задач в условиях неопределенности. Применение полученных результатов при решении инвестиционных задач на практике позволяет получить эффективных результатов.

Ключевые слова: Инвестиция, инвестиционный проект, нечеткая информация, риск, эксперт, экспертная оценка, принятия решений

**B.B. Orazbayev¹, B. Temirgaliuly¹, Zh.Ch. Amanbaeva², A.B. Kazieva²,
B.E. Utenova²**

¹L.N.Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan,

²S. Utebayev Atyrau Oil and Gas University, Atyrau, Kazakhstan

DECISION-MAKING PROCESS AND MODEL FOR SOLVING INVESTMENT PROBLEMS IN CONDITIONS OF UNCERTAINTY

Abstract. The problems of solving investment problems, in particular, the problems of making decisions on the financing of investment projects, in conditions of uncertainty of the initial information, which are currently an urgent task in real practice, are investigated. For the effective solution of investment problems in conditions of uncertainty, an approach to decision-making is proposed, based on the methods of expert assessment and theories of fuzzy sets. This approach to decision-making is formulated as an integrated approach to effective decision-making in solving investment problems. A flowchart has been created for the process of choosing an effective solution for the selected criteria when financing investment projects. A structural model will be developed for the decomposition of accounting decision-making on the financing of investment projects. In a market economy, i.e. in conditions of uncertainty, the methods of risk assessment in financing investment projects are systematized and the main ones are described. The scientific article contains important results in the field of modification and adaptation of decision theory methods for solving investment problems in conditions of uncertainty. The application of the results obtained in solving investment problems in practice allows you to obtain effective results.

Keywords: Investment, investment project, fuzzy information, risk, expert, expert assessment, decision making.

УДК 004.22

МРНТИ 06.39.27

Ғ.М. Нұрқайдар

Азаматтық авиация академиясы, Алматы қ., Қазақстан

BIG DATA ӘДІСТЕРІ НЕГІЗІНДЕ АВИАЦИЯДАҒЫ САНДЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯЛАУ

Аңдатпа. Мақалада Big Data әдістерін азаматтық авиацияда қолданудың өзектілігі көрсетілген. Үлкен деректердің технологиясы сипатталған, оның көмегімен авиакомпаниялар құрылымды емес деректерді үлкен көлемде, негізгі ұғымдардың мазмұны мен қажетті сипаттамаларды тез және тиімді сақтай және өңдей алады. Big Data технологиясын авиациямен байланысты әр түрлі жүйелер мен корпорацияларда қолданудың әртүрлі мүмкіндіктері қарастырылған, технологияның кемшіліктері мен артықшылықтары анықталған. Big Data бүкіл әлем бойынша клиенттер мен авиакомпаниялармен қарым-қатынасты басқаруда қалай рөл атқаратыны сипатталған.

